*АУЫЛ КҮНДЕРІ*

# ЖАЛҒАСЫН ТАПҚАН ЖАЙДАРЛЫ КЕШ




Бүгінде Бадамша ауылының тұрғындары мен қонақтары әр сенбіні асыға күтеді. Себебі бұл күні әр ауылдық округ өздерінің жеткен жетістігін, өнерін және рухани қазынасын жұртшылыққа ұсынып, думанды кештер өткізуді игі дәстүрге айналдырды.



Өткен сенбіде Степной ауылдық округі «Ауыл күндері» жобасы аясында Бадамша жұртына ауыл өмірінің тынысын айшықтаған әсерлі мәдени бағдарлама ұсынды. Шара барысында округтің тарихы, бүгінгі дамуы, жеткен межелері мен табиғи өнімдері таныстырылып, ұлттық өнерден шашу шашылды.

Мерекелік кешке аудан әкімі Нұрлыбек Унербаев, зиялы қауым өкілдері мен қазылар алқасы және ауыл тұрғындары қатысты. Степной ауылдық округі – сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерімен тек ауданға ғана емес, облысқа да кеңінен танымал өңір. Кезінде бұл ауыл Торғай облысының құрамында болса, бүгінде замана талабына сай өркендеп, Степной және Қайрақты елді мекендерін қамтып отыр.

Округ аумағында көпшілікке белгілі «Степной» ЖШС мен бірнеше шаруа қожалығы табысты еңбек етіп келеді.

Мереке ақ дастарқаннан дәм татумен басталып, киіз үйде Қайрақты ауылдық кітапханасының кітапханашысы Бекзада Абаева ауыл музейіндегі көне жәдігерлердің тарихы мен қолданылу ерекшеліктерін таныстырды.

Келесі кезекте округ әкімі Гүлмайра Нүредилова сөз сөйлеп, ауыл еңбеккерлеріне алғысын білдіріп, табыс пен береке тіледі.

Жәрмеңке сөрелеріне «Степной» ЖШС өндірген сапалы астық пен ет өнімдері қойылып, тұрғындар оларды тиімді бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Бадамшалықтар аталған серіктестіктің директоры Аманғос Төлеуовтің еңбегін ерекше атап, ұжымға толайым табыс пен молшылық тіледі.

Саябақтағы мереке түрлі жарыстармен жалғасын тапты. Балалар қолөнер бұйымдарын жасап, сурет салып, спорттық ойындарда бақ сынады. Жастар гір көтеру, ұлттық ойындар секілді сайыстарға қатысып, жеңімпаздар марапатталды. Көрермендерді ерекше қызықтырған жарыстардың бірі – әйелдер арасындағы ысқыру сайысы болды. Бұл додада да озық шыққандар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Кеш соңында өнерпаздар ән мен күйден шашу шашып, Бадамша аспанын әсерлі отшашуға бөледі.

Жалпы, «Ауыл күндері» мерекесі – әр ауылдың тарихы мен мәдениетін насихаттап қана қоймай, жастарды еңбекке баулуға, туған жердің қадірін ұғындыруға, елге деген сүйіспеншілікті арттыруға үлкен үлес қосып келеді.

**Бақыт ИМАШЕВ**





## ХАБАРЛАНДЫРУ

## «КазКлэй» ЖШС

«Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Қарғалы ауданындағы Қызылсай 1 кен орнында шөгінді тау жыныстарын: отқа төзімді сазды өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарынды нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шараларының жоспары жобалары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 19 қыркүйекте сағат 15.00-де Ақтөбе облысы, Қарғалы ауданы, Әлімбетов а. о., Әлімбет а., Қазақстан к-сі, 74, ауылдық клуб ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайттарында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде https://ndbecology.gov.kz/ сайтында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru электрондық мекенжай бойынша қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://ndbecology.gov.kz/ сайтында және ЖАО сайтында ұсынылады https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Онлайн қосылуларға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/85859902602?pwd=oRzidL0V93DDDzx8KlhtZLS7mw1C0w.1.

Конференция идентификаторы: 858 5990 2602. Кіру коды: 6YeGYm.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: laura13_88@mail.ru және 87085265393 телефоны.

Жоба бастамашысы: «КазКлэй» ЖШС, БСН 230240036867, ҚР, Ақтөбе қ., Астана ауданы, Жеңіс даңғылы, 3 үй, 18 пәтер, тел.: 87055479609, e-mail: nedra.82@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «PEGAS OIL COMPANY» ЖШС, БСН 140840007866, ҚР, Ақтөбе қ., Алматы ауданы, Балауса т.а., 704/7 үй, тел.: 87771679393, e-mail: marat_bekmukashe@mail.ru.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

## ТОО «КазКлэй»

объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектам: Раздел охраны окружающей среды, проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), программа управления отходами, программа производственного экологического контроля, план мероприятий для «Плана горных работ на добычу осадочных горных пород: огнеупорной глины на месторождении Кызылсайское 1 в Каргалинском районе Актюбинской области Республики Казахстан».

Общественные слушания состоятся 19 сентября 2025 года, в 15.00, по адресу: Актюбинская область, Каргалинский район, Алимбетовский с.о., с.Алимбет, ул.Казахстан, 74, здание сельского клуба.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайтах https://ndbecology.gov.kz/, https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте https://ndbecology.gov.kz/, а также по эл. адресу: expert_oos@mail.ru.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на сайте https://ndbecology.gov.kz/ и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru.

Ссылка на онлайн подключения:

https://us05web.zoom.us/j/85859902602?pwd=oRzidL0V93DDDzx8KlhtZLS7mw1C0w.1.

Идентификатор конференции: 858 5990 2602. Код доступа: 6YeGYm.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: laura13_88@mail.ru и по телефону: 87085265393.

Инициатор проекта: ТОО «КазКлэй», БИН 230240036867, РК, г.Актобе, район Астана, проспект Победы, д.3, кв.18, тел.: 87055479609, e-mail: nedra.82@mail.ru.

Разработчик проекта: ТОО «PEGAS OIL COMPANY», БИН 140840007866, РК, г.Актобе, район Алматы, ж.м. Балауса, дом 704/7, тел.: 87771679393, e-mail: marat_bekmukashe@mail.ru.

Меншік иесі: ЖК «Байханова К.Т»
факс: 8 (71342) 22-0-07

Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және Даму министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылдың 4 желтоқсанында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы №14774-Г куәлігі берілген

Директор - бас редактор Камшат Байханова

Қарғалы

Газет «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Смагулов көшесі, 9/2 үй) басылды. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады. Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1007 дана. Тапсырыс №913 Индексі 65510
«Қарғалы» газеті редакциясының мекен-жайы: 030500, Бадамша ауылы, Т.Имашева көшесі, 2 үй. Қабылдау және жарнама бөлімі: 22007

• Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды.

• Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.

• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны мен мәнмәтініне жарнама беруші жауап береді.